

Ата-анамен келісім - шарт

«Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі
мен Аманжолова Тулған ата-ана арасында келісім-шарт.
Оқушы Мұхамеджан Ерданат 64.84 сыныпқа
қабылданды.

(Аты-жөні)

Ата-анаға қойылатын талаптар «Білім туралы» Заңда, отбасы кодексінде, мектеп жарғысында сонымен қатар, басқа да нормативті – құқықты актілерде көрсетілген ата-аналар міндеттерін орындауға;

Ата-аналар комитетінің іс-шараларына қатысып, мектеп әкімшілігі және педагогикалық ұжыммен бірігіп жұмыс жүргізуге;

Баласының сабаққа кешікпеуін, сабақтан себепсіз қалмауын қадағалауға;

Мектеп жарғысына сәйкес оқушының мектеп формасын сақтауын қадағалауға;

Баланың сабақтан тыс іс шараларға үйірме және секцияларға, мектепшілік олимпиадаларға, жарыстарға қатысуын бақылауға алуға;

Оқушының оқулықты ұқыпты ұстауын қадағалауға;

Егер бала мектеп мүлкін бүлдірсе (оқу-зертханалық және басқа жабдықты бүлдірсе, оқулығын жоғалтса және т.б.) көрсетілген шығынды белгіленген тәртіпке сәйкес қалпына келтіруге;

Баланы сабақтан бос уақытында және демалыс кездерінде қараусыз жіберіп, тәртіпсіздік жасауына жол бермеуге, баланың уақытын үнемді, мақсатты пайдалануын ұйымдастыруға;

Баланың санитарлық-гигиеналық талаптарға сай жүруіне, денсаулыққа байланысты зиянды заттарды пайдаланбауын қадағалауға;

Баланың қалтасында өткір, үшкір, түйрейдін, кесетін, улы заттармен (пышак, қайшы, ине, дәрі) жүрмеуін бақылауға;

Ата-аналарға арналған іс-шараларға, ата-аналар жиналысына белсене қатысуға;

Балаға сағат 23.00 дан бастап, далада жүруіне тыйым салуға;

Баланы кез-келген діни, басқа да жағымсыз әсер ететін ұйымдардан қорғауға міндетті.

Ата-аналарға қойылатын мектептің ішкі тәртіп ережесі

Әр ата-ана және оқушы мектептің ішкі тәртіп ережесіне бағынуға міндетті.

Ата-ана баласының сабақтан кешікпеуін, сабақтан себепсіз қалмауын қадағалауы тиіс. Егер де оқушы сабақтан себепті қалатын болса, оны анықтамамен дәлелдеуі тиіс.

Ата-ана баласын мектеп формасымен, екінші аяқ киіммен, қажетті оқу-құралдарымен толық қамтамасыз етуге жауапты.

Оқушыны демалыс кезінде мектептің жоспары бойынша ұйымдастырылған іс-шараларға қатыстыруы тиіс.

Мектеп әкімшілігімен кездесу үшін кезекші мұғалімге өзінің жеке куәлігін көрсетіп, тек жазылу арқылы кіргізіледі. Сұрақ туған жағдайда, алдымен, класс жетекшісі, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектепшілік ата-аналар комитетінің мүшелерімен талқылауы тиіс.

Оқушылардың ұялы телефондары және басқа да бағалы заттары жоғалса, мұғалім және мектеп әкімшілігі оған жауап бермейді.

Мектеп ауласына велосипедпен, роликпен, мотоциклмен, балаларға арналған бесік арбамен (коляскамен) кіруге, мектеп ауласында серуендеуге тыйым салынады.

Ата-ана міндеті

Мекеме қызметкерлеріне сыпайылық танытуға

Қызметкерлер жағынан дөрекілік, қателік болған жағдайда директорға ескертулері қажет.

Санитарлық гигиенаны сақтау, мектеп ережесін орындау: баланы оқу орнына мектеп формасымен және оқу құралдарымен жіберу шарт.

Мұғаліммен тығыз байланыста болуға, тәрбиелеуде, білім алуына белсенділік таныту, «Ашық есік» күндеріне қатысу.

Сабақтан қалған жағдайда міндетті түрде сынып жетекшісіне немесе 87024039311 телефонына (әлеуметтік педагогке) хабарлау.

Келісімшарттағы барлық талаптарды орындаулары керек.

Ата-ана құқығы

Оқушы туралы кез келген мәліметті алуға, пән мұғалімдері мен психологтан жеке кеңес алуға;

Мұғалім келісімімен сабаққа қатысуға, сабақтың қорытындысын талдауға;

